

«ЖАСЫЛ АЙМАҚ» ЖОБАСЫ ОЙЫЛДА ОРЫНДАЛА БАСТАДЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА НАҚТЫ АХУАЛДА: ІС-ҚИМЫЛ УАҚЫТЫ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫНЫҢ «ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ ҚОРҒАУ» БӨЛІМІНІҢ ТАРМАҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ОЙЫЛДА ДА ОРЫНДАЛА БАСТАДЫ. Яғни, алдағы бес жылда ойыл селосының аумағындағы 100 гектар жерді жасыл аймаққа айналдыру жоспарланып отыр.

Ол үшін арнаулы комиссияның шешімімен округ аумағынан 100 гектар жер бөлінді. Ойылдың теріскейіндегі күре жолдың айрығынан Қаңқайға дейінгі аралықтан 20 гектар жерге көшеттерді отырғызу басталды. Бұл жұмысты Ойыл селолық округінің тапсырысы бойынша Ойыл орман

шаруашылығы келісім-шарт негізінде жүзеге асырады. «Арнайы бөлінген алқапты жер кебе бастағаннан ылғалды пайдаланып жырттып алдық. Кеше көшеттерді механикалық тәсілмен отырғызуды бастадық. Бірнеше бөліктегі алқаптың екі қапталына біздің өңірдің климатына төзімді

үйеңкі, ортасына қарағаш отырғызылды», - дейді Ойыл орман шаруашылығының директоры Серік Мусин. «Жасыл аймақ» – аймақтарды көгалдандыру, орман алқабын құру мақсатында қолға алынған бағыт. Күрт құбылмалы климатты далада ауқымды қолдан жасалған орман алқабын құру үлгісі біздің өңірге таңсық жұмыс емес. «Ойылдың жеті көреметінің» біріне айналған аталарымыз қолымен егіп, суды құдықтан тартып суарған Барқын құмының ішіндегі көкке таласа өскен қарағайлар соның куәсі. Техниканың тегеуріні өлсіз, негізінен адамның қол еңбегі-

мен атқарылған жұмыстардың жемісі қазір адам айтса сенгісіз.

Әрине, шөлейтті аймақ үшін орманды алқаптардың қажеттігін айтып жату артық. Алайда, алдағы басты міндет – осы алқапты село тұрғындарының малынан қору болып тұр. Ол үшін округ өкімі Сәндібек Дәулетқалиев арнайы қорықшылар бөліметінің айтады. Бірақ, бүгінгі көшеттердің бой алып кетуіне тұрғындар да түсіністікпен қарауы тиіс. Малдарын бос жібермей, сиырды күтуге қосып, жылқыны жақындатпау керек.

С.ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

Сұхбат

ЕКІПЕ ЕРМЕК ЕМЕС!

НАУРЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫ АЙМАҚТА ҚАУІПТІ ІНДЕТ КҮШЕЙІП, АУДАНЫМЫЗ ҚЫЗЫЛ АЙМАҚҚА ЕНГЕНІ БӘРІНЕ МӘЛІМ. ҚАУІПТІ ІНДЕТТІ ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ НЕГЕ СЕЙІЛМЕЙ ТҮР? ОСЫ ОРАЙДА АУДАНДЫҚ АУРУХАНАНЫҢ БАС ДӨРІГЕРІ СӘНДІБЕК НҰРБАЕВПЕН АРНАЙЫ ТІЛЕСКЕН ЕДІК. ЕНДЕШЕ АУДАНЫҢ БАС ДӨРІГЕРІМЕН БОЛҒАН ШАҒЫН СҰХБАТЫМЫЗДЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.



Қазір дүниені дүр сілкіндірген қауіпті індет біздің ауданға да салқынын салып үлгерді. Әпем ғалымдары бұл індетпен ауырмаудың жолы еке деп егжей-тегжейлі айтып қойғалы қашан? Ендеше келесі сауалымыз біздің ауданда екені кімдер алып жатыр? Қандай екепке салынады?

- Әрине, дерттен қорғандық ең тиімді жолы екепке алу екенін біз сан мәрте айтып келеміз. Аудан тұрғындары арасында түсінік жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда 350 адам екепке алды. Олардың ішінде медицина қызметкерлерінің 80-90% екепке алса, ұстаздардың екепке алуы өлі де төмен деңгейде. Әйтсе де, полиция бөлімінің қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің арасында екепке алып жатқандар бар. Қазіргі таңда ерікті түрде екепке алушыларға «Спутник-V» екепісі салынады. Бұл нағыз адам денсаулығына қауіпсіз өрі нағыз сапалы екеп. Екепке алғандар арасында ешқандай ауырыну немесе келеңсіз жағдайлар ауырып алған жоқ.

- Қазіргі ахуал мез емес. Аһ ұрып отыра беру аурудың бетін қайтармасы анық. Санитарлық бекет қойылғаннан кейін індет сөйле бастады. Оның себебі неде?

- Бізге өлі де босаңсуға болмайды. Жасыл аймаққа енгеннен жағдай түзелеп кетпейді. 2281 адам ПТР тест тапсырып, 144 адамнан коронавирустің белгілері анықталды. 74 адам пневмониямен ауырып, емделіп шықты. Қазіргі таңда 12 науқас емделіп жатыр. Өкінішке орай бір адам қауіпті індеттен көз жұмса, тағы бір науқас дәрігерлердің қатаң бақылауында. 140 адам үй карантинінде жатыр. Айрықша айта кететін жайт өр адам санитарлық талаптарды ескеріп, жеке бас гигиенасын сақтау қажет. Сонымен қатар адам көп шоғырланатын жерлерге бармауы керек.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚАРАУСЫЗ МАЛ ҚАЛТАНЫ ҚАҚПАСЫН ДЕСЕК, МАЛДЫҢ КҮТІМІНЕ МӘН БЕРЕЙІК!

БҰРЫН АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ МАЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖАҚСЫ БІЛІП, ОҚ-ҒЫЛЫМСЫЗ-АҚ КҮТІМІ МЕН БАБЫҢ, ЕМ-ДОМЫН ЖАСАЙ БІЛГЕН. АЛ, ҚАЗІР ШЕ? АТА-КӨСІПТІ ЖАЛҒАСТЫРЫП, МАЛМЕН КҮНЕЛТІП ОТЫРҒАН ҚАРАПАЙЫМ ЖАНДАРДЫҢ МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ОНЫ АСЫЛДАНДЫРУҒА КӨПТЕГЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ӨСІРУ ҮШІН ОНЫҢ КҮТІМІ МЕН БАПТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ТҮГЕЛДЕЙ ДЕРЛІК ЗЕРТТЕЛІП ҚОЙҒАН. БІЗДІҢ АУДАН АТА-КӨСІПТЕН ҚОЛ ҰЗБЕЙ ЕКЕ ЖАТҚАНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ТӨРТ ТҮЛІГІН АСЫЛДАНДЫРЫП, МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТУ ЖҰМЫСТАРЫ МАРДЫМДЫ ІСКЕ АСЫП КЕЛЕДІ.

Өйткені мал баққанға бітітінін біз айтпасақта өр шаруа жақсы біледі. Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп отырғандар да осы шаруа қожалықтар. Алайда малдың жазғы жайылымы, күтімі, кезектесіп бағу сынды шаралар кейбір елді-мекендер мен округтерде өлі де реттелмеген десек артық айтқандық емес. Бұл шаралар көктем мезгілінде көппен бірге ұйымдастырылғанымен істің соңы шікі болып шығады. Аты жоқ бақташы мен аты-жөні жоқ көше кезген күтсүз малдымыз күтпеген жерден шыға келеді. Оған қоссаң, айына бір түгендеп қоятын өзен бойлары мен түбектерде толып жүрген қараусыз малдарымыз тағы бар. Мал бағуды дұрыс жолға қоятын уақыт өбден жеткен тәрізді. Өйткені өр ауылдағы ағайын малдан табыс тауып отырғандықтан оны күтіп-баптап, бағуына немқұрайлық таныту асқан өбестік деп білеміз. Жылда қыс жайлы болатын. Ал, биыл керісінше сәуірдің басына дейін жатқан қалың қар малдардың өріске шығатын уақытын созып жіберді. Мал азығының жетіспеушілігінен аразында малдар қыста аман алып шыға алмағандарда болды. Тіпті жол бойындағы қамбар ата төлінің сүрініп, көкке ілікпей қалып жатқанында көзімізбен көрдік. Сай-саланың бойы толған су. Қыстан қонысыз шыққан

малдар қараусыз қалған жағдайда балшыққа батып, ұймалап қалуы өбден мүмкін. Қазірдің өзінде дала-лықта қараусыз жатқан мал көп. Бір күні күтсүз жүрген мал жоғалса, ұрланды деп дабыл қағып полиция қызметіне жүгінеріміз шындық. Қазіргі уақытта малдарын қараусыз жіберген мал иелері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 408 бабы бойынша 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Оған қоса өр ауылдық округте қараусыз, қадағалаусыз малдар анықталған жағдайда әкімшілік белгіленген мал тұрақтары бар. Иесі анықталғанға сол аулада бағылады. Иесі табылғаннан кейін малдың шөп-жемді, бақташының еңбегі төленіп, мал иесіне айыппұл салынады. Бұл жағдай қайталан берген жағдайда, айыппұл салу тоқтатылмайды. Жыл басынан бері аудан бойынша қараусыз жүрген малдар үшін 18 адамға айыппұл салынған. Еркін жайылыстан жоғалған малдар, ұрлық дерегі анықталмаған малдар бойынша іздестіру шараларына мал иелерінен кеткен шығындарды кейін қайтару үшін ұсыныс жіберілетін болады. Бұл қыстан есеңгіреп шыққан ағайынды қыспаққа алып жатқандық емес. Керісінше арқаны кенге салып, малдарын қараусыз қалдырған ағайынға мал ұрлығы бойынша мәселенің мән-жайын түсіндіру. Сондай-ақ малдың күтіміне мән беруге шақырау. Аудандық мәслихаттың үй жануарларын асырау қағидалары бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының иесіне жол қозғалысы қауіпсіздігін сақтауды ескертеді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жануарлары ауруларының алдын алуды, оларды асырауды, өсіруді және пайдалануды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен ветеринариялық нормативтерге сәйкес жүзеге асыруға шақырады.

Біз «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы», - деген елдің ұрпағы болғандықтан ата-көсіптен ажырамай, оның күтіп, баптау ережелерін сақтауға тиіспіз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЕКІ ЖАҢА «СЕРВИСТІК ӘКІМДІК» АШЫЛДЫ



АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 7 СӘУІРІНДЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ЖЕЛТАУ ЖӘНЕ ӨЛІМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ БІРДЕН ЕКІ «СЕРВИСТІК ӘКІМДІК» АШЫЛДЫ.

Шараға облыс өкімі Оңдасын Оразалин, облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Бауыржан Балғабеков, бірінші орынбасары Ғалымбек Досанов, «Ақтөбе-адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері мен жергілікті атқарушы органдардың басшылары қатысты.

Екі сервистік әкімдік те Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамасы аясында құрылып, мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде халыққа қолайлы ахуал қалыптастыру жөніндегі талаптарға сәйкес келеді. Сервистік әкімдіктерде жергілікті атқарушы органдардың халық сұранысына ие қызметтері, сондай-ақ «Қазпошта» және учаскелік инспектор пункттері шоғырландырылған.

Азаматтарға қолайлы ахуал қалыптастыру мақсатында ақпараттық стендтер, балаларға арналған ойын алаңы ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметтерді өз бетімен алушыларға арналған «connection point» - өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орналас-тырылған.

Мәселен, Желтау ауылдық округі аудан орталығынан 80 шақырым жер-

де орналасқан және онда 4300-ден астам халық тұрады. Тұрғындар өмірі үшін ауыл шаруашылығы саласы ауа-дай қажет. Ауылдық округте тіке-лей ауыл шаруашылығына бағдарланған 50 шаруа қожалығы, 10 серіктестік және 55 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

Алдағы уақытта өрбір тұрғын не-месе кәсіпкер әлеуметтік және жер мәсе-лелері бойынша жаңа Сервистік әкім-дікке жүгіне алады, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ондаған шақырым аудан орталығына жол жүрмей-ақ ала алады.

Облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Бауыржан Балғабеков атап өткендей, сервистік әкімдіктер ашықтық пен жариялықты қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық көріністері мен азаматтарды «кабинеттен кабинетке, инстанциядан инстанцияға» жүгіруге мәжбүрлейтін бюрократиялық рәсімдерді азайтуға ықпал ететін болады.

Сонымен қатар, облыстық делегация мүшелері азаматтарды жеке қабылдап, жергілікті кітапханаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәде-ниетті қалыптастыру жөніндегі Агент-тік бастамасымен құрылған «Парасат жолы» орталықтарының қызметімен танысты.

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТКРЫЛИ ДВА НОВЫХ «СЕРВИСНЫХ АКИМАТА»

7 АПРЕЛЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ СОСТОЯЛОСЬ ОТКРЫТИЕ СРАЗУ ДВУХ «СЕРВИСНЫХ АКИМАТОВ» В ЖЕЛТАУСКОМ И АЛИМБЕТОВСКОМ СЕЛЬСКИХ ОКРУГАХ КАРГАЛИНСКОГО РАЙОНА.

На мероприятии приняли участие глава региона Оңдасын Оразалин, руководитель областной Антикоррупционной службы Бауыржан Балғабеков, его первый заместитель Ғалымбек Досанов, общественные активисты проектного офиса «Ақтөбе – адалдық алаңы» и руководители местных исполнительных органов.

Оба Сервисных акимата созданы в рамках Концепции Главы государства К.К. Токаева «Слышащее государство» и соответствуют требованиям по обеспечению открытости государственных органов, созданию комфортных условий для населения при получении государственных услуг. В Сервисных акиматах консолидированы востребованные службы местных исполнительных органов, а также пункты «Казпочты» и участковые инспекторы.

Для удобства граждан имеются информационные стенды, игровая площадка для детей, функционирует уголок самообслуживания - «connection point» для самостоятельного бесплатного получения электронных государственных услуг.

К примеру, Желтауский сельский округ находится в 80 километрах от районного центра и в нем проживают более 4300 жителей. Основную жи-

вительность населения формирует сфера сельского хозяйства. В сельском округе функционируют 50 крестьянских хозяйств, 10 товариществ и 55 индивидуальных предпринимателей, специализирующихся именно на сельском хозяйстве.

Впредь каждый житель или предприниматель может обратиться в новый Сервисный акимат по социальным и земельным вопросам, получать государственные услуги, не выезжая за десятки километров в районный центр.

Как отметил глава областной Антикоррупционной службы Бауыржан Балғабеков, сервисные акиматы где расположены службы местных исполнительных органов, обеспечивают открытость и прозрачность, будут способствовать минимизации коррупционных проявлений и бюрократических процедур, заставляющих граждан бегать «от кабинета в кабинет, от инстанции к инстанции».

Кроме того, члены областной делегации провели прием граждан, а также посетили местные сельские библиотеки, где ознакомились с деятельностью центров «Парасат жолы», созданных по инициативе Антикоррупционной службы для формирования антикоррупционной культуры.

Антикоррупционная служба Актюбинской области.

ШЫДАУ КЕРЕК!

«Ойыл қызыл аймақта» деп шулады ел, Оған мына біздің халық көгер. Маска тағып жүр, замандас ерқашан, Антисептик шашып, қолды жуа бер! Ойыл жұрты сақ болса екен барынша. Қыын болар, елім жаппай ауыrsa. Карантиндік ережені сақтап ел... Дұрыс болар, той тойлауды доғарса. Санитарлық талаптарға сай болып, Көрсетейік сақтыққа да сай қылық. Осы кезде ережеге бағынсақ, Келер күнде күтер бізді жайлылық. Біз жауапты тұрғындардың қамына, Әзір шыдау керек боп тұр тағы да. Осы сөзім жетсе деймін таралып, Ауданымының барлық тұрғындарына.



Жангүл ҚАЗБЕКОВА,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының руқсаттама бюросының инспекторы.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 26 НАУРЫЗЫНДАҒЫ №ПГСВ-11 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫ

06.04.2021 ж. №ПГСВ-15 Ақтөбе қаласы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 3 тармағын, басшылыққа алып, ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ақтөбе облысының аумағында Ақтөбе облысы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 наурызындағы №ПГСВ-12 қаулысының қолданылуына байланысты «Ойыл ауданы тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шараларды күшейту туралы» Ақтөбе облысы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 наурызындағы №ПГСВ-11 қаулысының күші жойылсын деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Н.А. Беркимбаева

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕКТЕУ КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ» АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 30 НАУРЫЗЫНДАҒЫ №ПГСВ-12 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫ

09.04.2021 ж. Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирус инфекциясының (бұдан өрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 104-бабының 2 және 3 тармақтарын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67, 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №68 қаулыларын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылдың 30 наурызындағы №ПГСВ-12 «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы» қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1.1 тармағының 6) тармақшасы алынып тасталсын;

2) 1.2. тармағы мынадай мазмұндағы 34) тармақшасымен толықтырылсын:

- «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 19 қосымшасындағы талаптарды сақтай отырып топты 15 адамнан артық толтырмаған кезде, алдын ала жазылу бойынша балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының жұмысына рұқсат етілсін.»;

3) 3 тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: - «4) арнайы, мамандандырылған ұйымдар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар (оның ішінде атанасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға), жалпы типтегі мектеп-интернаттар және дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың жұмысын 14 күнге 2021 жылдың 13 сәуірінен бастап 26 сәуірді қоса алғанда карантинмен жабық режимде ұйымдастыру.»;

4) келесі редакцияда 3.1. тармағымен толықтырылсын: - «3.1. Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына, №1 және №2 әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына: - «1) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67 қаулысының 26 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, медициналық-әлеуметтік орталықтарында 14 күнге 2021 жылдың 13 сәуірінен бастап 26 сәуірді қоса алғанда карантин ұйымдастыру.»; 2) медициналық-әлеуметтік объектілерде карантин уақытында қызмет көрсететін персоналдың тұруы үшін жағдайлар ұйымдастыру.

2. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы қамтамасыз етсін:

2.1. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы Ақтөбе облысының аумағындағы қатаң шектеу және карантиндік шараларды кезең-кезеңімен жұмарту туралы халықты жаппай хабардар етуді;

2.2. Өзгеріп отырған жағдайды және сырқаттанғандар санының өсуін ескере отырып, БАҚ жұмысын бірыңғай үйлестіру мен орталықтандыруды.

3. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы 2021 жылдың 13 сәуірі 00:00 сағаттан бастап күшіне енеді.

Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері Н. БЕРКИМБАЕВА.

90 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР КОЛЛЕДЖДЕ «ПАРАСАТ ЖОЛЫ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Ағымдағы жылдың 9 сәуірінде Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінде арнаулы орта оқу орындары деңгейінде ең алғашқы болып «Парасат жолы» орталығы ашылды.

Келесі жылы аталған білім ордасына 90 жыл толады. Білім беру мекемесінің негізгі қаланған уақыттан бастап 40 мыңнан астам теміржолшылар, металлурттер, көлік қызметкерлері, электротехниктер және т.б. мамандар түлеп шыққан.

Орталықтың ашылуына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет, облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Бауыржан Балғабеков, бірінші орынбасары Ғалымбек Досанов, білім басқармасының басшысы Жолдас Батырхан, ақпараттық-ағартушылық штаб мүшелері, жазушы Мейірхан Ақдаулетұлы және облыстық «Aqtope TV» телеарнасының директоры Мирас Мұқаш қатысты.

Шара барысында қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен «Парасат жолы» орталықтарының қызметіндегі басым бағыттарды талқылады. Спикерлер адагершілік, парасаттылық, еңбексүйгіштік пен патриотизмге басқа назар аударма отырып, өздерінің қызықты оқиғаларымен бөлісті.



В КОЛЛЕДЖЕ С 90-ЛЕТНЕЙ ИСТОРИЕЙ ОТКРЫЛИ ЦЕНТР «ПАРАСАТ ЖОЛЫ»

9 апреля текущего года впервые на уровне средне-специальных учебных заведений в Актобинском колледже транспорта, коммуникаций и новых технологий был открыт центр «Парасат жолы».

В следующем году данному колледжу исполняется 90 лет. За весь период учреждения образования подготовило более 40 тысяч высокодо-рожников, металлургов, транспортников, электротехников и т.д. Сегодня в колледже обучаются 1251 студен-тов.

В открытии приняли участие замес-титель акима области **Мейрамбек Шермағамбет**, руководитель Анти-коррупционной службы **Бауыржан Балғабеков**, его первый заместитель **Ғалымбек Досанов**, руково-дитель Управления образования **Жолдас Батырхан**, члены информа-ционно-просветительского штаба в лице писателя **Мейрхана Ақдаулет-улы** и директора областного телека-нала «Aqtope TV» **Мираса Мұқаш**.

В ходе мероприятия участники обсудили приоритетные направления антикоррупционной политики и дея-тельности центров «Парасат жолы».

Спикеры поделились интересной историей с акцентом на нравствен-ность, добропорядочность, трудо-любие и патриотизм.

Антикоррупционная служба Актобинской области

Бауыржан Балғабековтың айтуын-ша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өзінің алдын алу жұмыстарын-да ескеңге ұрпаққа ерекше көңіл бөліп келеді.

«Бүгінгі студенттер - ертеңгі ағалымдар, мамандар, басқарушылар, біздің өріптестер. Ұлы Әл-Фараби айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбие-сіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Осыған байланысты, ашы-лып отырған «Парасат жолы» орта-лығы адал, парасатты, еңбекқор жастарды тәрбиелеуге баға жетпес үлес қосады деген үміптеміз», - деді Департамент басшысы.

Алдағы уақытта студенттер кол-леджде білім алып қана қоймай, кітап-хана қабырғасында сыбайлас жем-қорлыққа қарсы тақырыпта өңір зия-лыларымен тілдесе алады.

Сонымен қатар, шараға қатысқан қонақтарға «Шынайы жобалар», «Жас маман» бағдарламасы аясын-дағы «Құзыреттілік орталығы» жоба-ларының көрмелері таныстырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша колледж директоры Жеңісқұл Мұхам-бетпайзова қонақтарға «Парасат жолы» орталығының ашылу салтан-атына қатысқандары үшін алғыс білді-ріп, алдағы жұмыс жоспарларымен бөлісті.

ҰБТ-2021: ЖАҢА ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТ ПЕН ТЕСТІНІ ЕКІ РЕТ ТАПСЫРУ МҮМКІНДІГІ БЕРІЛДІ

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуде тиісті өзгерістер ескеріліп отыр. Атап айтқанда, енді ҰБТ электронды форматта ұйымдастырылатын болады. Осы орайда бүгін Орталық коммуникациялар қызме-тінде Білім және ғылым министрлігінің өкілдері түсінік берді.

«Білім және ғылым министрлігі білім саласын ары қарай жетілдіру бойын-ша бірқатар жұмыс атқаруда. Соның ішінде ашықтықты, адалдықты қамта-масыз ететін цифрландыру процесіне көшкеніне біраз уақыт болды. Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуді элек-тронды форматта өткізу жоспарланып отыр. Өздеріңізге белгілі 2004 жылдан бері ҰБТ қағаз форматта өткізіліп келеді. Бастапқы уақытта Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу өзімен екі функцияны алып жүрді. Біріншіден, мектеп бітіруге байланысты қорытын-ды аттестату жұмыстары және мектеп біртүргендігі жөнінде аттестат алу үшін, сондай-ақ жоғары оқу орнынан түсуге мемлекеттік гранттар конкур-сына қатысу функциясын алып жүрген болатын», - деп тоқталды Білім және ғылым вице-министр Шолпан Кари-нова. Оның сөзіне қарағанда, қазіргі кезде ҰБТ тек қана жоғары оқу оры-нына түсу үшін мемлекеттік гранты жеңіп алу конкурсына қатысу тетігі болып саналады. Бұл - өлемдік тәжіри-бе. Барша өлемде осындай өдіспен жоғары оқу орындарына тестілеу жүргізіліп келеді. Сонымен, мемле-кеттік білім грантын тағайындау кон-курсына қатысу үшін ҰБТ 15 сәуірде басталып, 30 маусымға дейін жала-сады. Компьютерлік ҰБТ-ға өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының [http:// app.testcenter.kz/](http://app.testcenter.kz/) сайты арқылы беру-ге болады. Тіркеу онлайн режимде жүргізіледі, ешқандай құжат пен фото-суреттер талап етілмейді. Абитурient сайтқа кіріп, кез келген тестілеу пунктің, ҰБТ тапсыру күні мен өзіне ыңғайлы уақытты таңдайды. Егер бұрын талапкерлерге ҰБТ-да кітап-шаның қағаз нұсқасы мен жауап парағы берілетін болса, енді үміткерлер тестілеуді компьютер арқылы тапсырына болады. «ҰБТ-ны өткізу процесін цифрландыру бірқатар ерекшеліктерге және ұтымды жағдайларға ие. Біріншіден, бұл тест тапсырушылардың өздері үшін ыңғайлы. ҰБТ бұрындай 10 күннің ішінде ғана емес, енді үш ай бойы ҰБТ электронды форматта өтетін болады. Ең ұтымды жағына тоқталсақ, оқуға түсушінің өзі қай күнге, қай уақытта және қай жерде өткізуді таңдай алады. Тіркелгеннен кейін, тестілеуді элек-тронды форматта өтеді», - деді ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің дирек-торы Әділет Тойбаев. Тағы бір ерек-шелігіне тоқталсақ, мемлекеттік білім грантын ұтып алуға ниеттенген үміткерлер Ұлттық бірыңғай тестілеуді екі мәрте тапсыра алады. Егер талапкер сәуір айында тестілеуден өткен болса, оның ҰБТ-ны екінші рет бірнеше күннен кейін немесе мамыр не маусым айларында тапсыру мүмкіндігі болады. Тестілеуге бір күнде 2 рет қатысуға тыйым салы-нады. Мемлекеттік білім беру грантын алу конкурсына қатысу үшін оқуға түсуші ең жақсы нәтижесі бар сертификатты ұсына алады. Бұл мүмкіндік үміткерлердің грант ұтып алу мүмкіндігін айтарлықтай арттыра түспек. «Тағы бір артықшылығына тоқталсақ, тест нәтижесі жұмыс күні-нің соңында емес, тестілеу нақты

ПОСТАНОВЛЕНИЕ «О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЯ № ПГСВ-11 ОТ 26 МАРТА 2021 ГОДА ГЛАВНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО САНИТАРНОГО ВРАЧА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ «ОБ УСИЛЕНИИ ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫХ КАРАНТИННЫХ МЕР ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ ЗАБОЛЕВАНИЙ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИЕЙ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ УИЛСКОГО РАЙОНА»

06.04.2021 г. №ПГСВ-15 г. Актобе «Руководствуясь пунктом 3 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения», ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Признать утратившим силу постановление Главного Государственного санитарного врача Актобинской области от 26 марта 2021 года №ПГСВ-11 «Об усилении мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Уилского района», в связи с действием на территории Актобинской области постановления Главного Государственного санитарного врача Актобинской области от 30 марта 2021 года №ПГСВ-12.

2. Настоящее постановление вступает в силу со дня подписания.

Главный Государственный санитарный врач Актобинской области Н.А. Беркимбаева

ПОСТАНОВЛЕНИЕ «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ ГЛАВНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО САНИТАРНОГО ВРАЧА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТ 30 МАРТА 2021 ГОДА №ПГСВ-12 «ОБ УСИЛЕНИИ ОГРАНИЧИТЕЛЬНЫХ КАРАНТИННЫХ МЕР ПО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЮ ЗАБОЛЕВАНИЙ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИЕЙ СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

09.04.2021 г. В целях предупреждения распространения коронавирусной инфекции COVID-19 (далее – COVID-19) среди населения Актобинской области, руководствуясь пунктами 2 и 3 статьи 104 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» и постановлении Главного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года, №68 от 25 декабря 2020 года, **ПОСТАНОВЛЯЮ:**

1. Внести в постановление Главного Государственного санитарного врача Актобинской области №ПГСВ-12 от 30 марта 2021 года «Об усиле-нии ограничительных карантинных мер по предупреждению заболеваний коронавирусной инфекцией среди населения Актобинской области» следующие изменения и дополнения:

1) подпункт 6) пункта 1.1. исклю-чить;

2) пункт 1.2. дополнить подпунктом 34) следующего содержания: - «раз-решить работу детских и взрослых образовательных центров при запол-няемости группы не более 15 человек, по предварительной записи с соблю-дением требований приложения 19 постановления Главного Государ-ственного санитарного врача Респу-блики Казахстан №67 от 25 декабря 2020 года.»;

3) подпункт 4) пункта 3 изложить в следующей редакции: - «4) органи-зацию работы в закрытом режиме с карантинном на 14 дней с 13 апреля

включительно по 26 апреля 2021 года в специальных, специализированных организациях, специальных школ-интернатах для детей с особыми образовательными потребностями (в т.ч. для детей-сирот, оставшихся без попечения родителей), школ-интер-натах общего типа, школ-интернатах для одаренных детей.»

4) дополнить пунктом 3.1. в сле-дующей редакции: - «3.1. Управлению координации занятости и социальных программ Актобинской области, Центрам социального обслуживания №1 и №2:

1) организовать карантин в медико-социальных объектах на 14 дней с 13 апреля включительно по 26 апреля 2021 года, с соблюдением требований приложения 26 постановления Глав-ного Государственного санитарного врача Республики Казахстан №67 от 25 декабря 2020года;

2) организовать условия для прожи-вания обслуживающего персонала на время карантина в медико-со-

циальных объектах.»

2. Управлению внутренней поли-тики Актобинской области:

2.1. Провести массовое образо-вание населения об ограни-чительных и карантинных мерах и по-этапном их смягчении на территории Актобинской области посредством СМИ и социальных сетей;

2.2. Обеспечить единую коорди-нацию и централизацию работы СМИ с учетом меняющейся ситуации и роста количества заболевших.

3. Постановление обязательно для исполнения всеми физическими и юридическими лицами, независимо от форм собственности.

4. Контроль за исполнением настоя-щего постановления оставляю за собой.

5. Настоящее постановление всту-пает в силу с 00:00 часов 13 апреля 2021 года.

Главный Государственный санитарный врач Актобинской области БЕРКИМБАЕВА Н.А.



аякталғаннан кейін бірден сол жерде қолжетімді болады. ҰБТ нәтиже-лерімен келіспеген жағдайда талапкер апелляцияға сол күні, яғни 30 минут ішінде өтініш беруге құқылы», - деді Ө. Тойбаев. Электронды ҰБТ нәти-желерін өңдеу барысында паракты ішінара боялған жауаптардың есе-птелмей қалуы сияқты техникалық қателердің болуы мүмкін емес. Тестілеудің бұл форматында оқу-шылар жауап парағын толтыруға уақыт жұмсамай, бұл уақытты тест тапсырмаларын орындауға пайда-лана алады. Компьютерлік тестілеудің тағы бір артықшылығы – ҰБТ нәти-желерін тестілеу аяқталғаннан кейін бірден білуге болады. Тестілеу қорытындысы бойынша жиналған ұпай саны экранға шығарылады. Сондай-ақ ҰБТ қатысушысы қандай сұрақтарға кате жауап бергенін бірден көре алады. Өз кезегінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының дирек-торы Дидар Смағұлов ҰБТ-дан кейінгі апелляция талаптарын түсіндірді. «Тестілеу аяқталғаннан кейін, талап-кер апелляцияға өтініш бере алады. Егер сұрақтардың құрамына немесе техникалық себептерге байланысты апелляцияға беретін болса, оның 30 минут уақыты болады. Отырған орнындағы компьютерден аппеля-цияға бере алады. Апелляция 30 күннің ішінде қарастырылады және оның нәтижесі талапкердің жеке нәтижесінде көрсетіледі», - деді Д. Смағұлов. Оның сөзіне қарағанда, тест тапсырмаларының саны өзгер-меді, 5 пән қалды. Екі бейінді және үш міндетті пән қамтылады. Тест тапсыр-маларының саны – 120, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 15, математикалық сауаттылығы бойынша – 15, оқу сауаттылығы– 20 және екі бейіндік пәннен 35 тапсырмадан беріледі. ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлер ең жоғары 140 балл жинай алады. Оның айтуынша, тестілеуді өткізу уақыты - 240 минут (4 сағат). Атап айтқанда, тестілеу кезінде бір сағаттан кейін талапкер-лерге екі минут үзіліс, 120 минуттан кейін 15 минут үзіліс беріледі. Бұл үзілістер компьютерге қатысты ерек-шеліктерді ескере отырып, санитар-лық нормаларға сәйкес балаларға арнайы беріліп отыр. Бұл қадамдар талапкерлердің денсаулығы үшін жасалып отыр. ҰБТ процесін бақылау «Ұлттық бірыңғай тестілеу электрон-ды форматта «Бір тест тапсырушы – бір компьютер – бір камера» қағидаты

бойынша ұйымдастырылады. Демек, өрбір қатысушы жеке компьютерде отырып, ҰБТ тапсырмаларын орын-дайды. Ақпараттық қауіпсіздікті қам-тамасыз етуге ерекше назар аудар-дық. Тестілеу процесі шифрлау элементтері бар арнайы жабық VPN желісі арқылы жүзеге асырылады», - деді Әділет Тойбаев. Білім министр-лігінің мәліметінше, аудиторияда не болып жатқанын көрсететін камера-лар жауап парағын толтырушы отыра-тын өр үстелдің үстінде тағы бір камера орнатылады. Прокторинг пен бейнебақылаудың заманауи жүйесі және ҰБТ-да бөгде адамдарды бол-дырмау үшін Face ID цифрлық сәйкес-тендіру құрылғысы пайдаланылады. Ережелердің сақталуын арнайы компьютерлік бағдарлама бақылай-ды, ол тыйым салынған заттарды қолдану фактілерін автоматты түрде анықтайды. Егер ҰБТ тапсыру кезінде талапкердің смартфон, шпаргалка және т.б. тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталса, тестілеу автоматты түрде тоқтатылады, тест тапсырушының нәтижелері жойыл-ды. Тестілеу процесін қосымша ахуалдық орталық бақылайды. Сон-дай-ақ ашықтық пен объективтілікті қамтамасыз ету үшін ҰБТ-ны өткізу рәсіміне Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Арнайы монито-рингтік тобы мен «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері шақы-рылатын болады. Өз кезегінде Дидар Смағұлов өр тест тапсырушыға қатысты бейнежазбалар сақтала-тынын, арнайы компьютерлік бағдар-лама автоматты түрде жұмыс істеп, кез келген ереже бұзу фактілері анықталатынын жеткізді. «Барлық бейнежазбалар биылдың 25 тамызы-на дейін қайтадан қаралады. Егер қосымша тыйым салынған зат анық-талса немесе басқа да ережені бұзу фактілері байқалса, тест тапсыру-шының ҰБТ бойынша нәтижесін жоюға құқығымыз бар. Сондықтан жұмыс өткен жылдағыдай былда да атқарылады», - деді Ұлттық тестілеу орталығының директоры. Санитарлық талап сақталуда «Ғимаратқа кіргізу маска режимін сақтай отырып, кемінде 2 метр арақашықтық арқылы іске асырылады. Өрбір талапкер дезинфекциядан өтеді және өрқайсы-сының орғейікпен қоршалғанын өзінің орны болады», - деді Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Ө. Той-

баев. Өрбір талапкер жеке компьютер-де отырып, ҰБТ тапсырмаларын орындайды. Тестілеудің барлық қатысушысы ҰБТ басталар алдында санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкес дезинфекциядан өтеді. Тестілеуге кіргізу кезінде қатысушылардың аяқ киімдері мен қолдары арнайы құралдармен өңделеді. Бет масканының дұрыс тағылуын қадағалау мен темпера-тураны өлшеу арнайы Face ID план-шетінің көмегімен жүзеге асырылады. Тест тапсырушыларды кіргізу және аудиторияда отыргызу кезінде өлеу-меттік қашықтық сақталады. Ауди-ториялар желдетіліп, дезинфекция-лық құралдармен өңделеді. Санитар-лық нормаларға сәйкес ата-аналар мен мұғалімдерге ҰБТ өткізу пунктінің аумағында болуға тыйым салынады. Олар үшін аудиториядан бейнетри-сляция қамтамасыз етіледі. Шекті балл деңгейі Педагогикалық маман-дықтар бойынша білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ-ның шекті балы 75-ке дейін ұлғайтылды. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін немесе ақылы негізде оқуға түсу үшін: «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша кемінде 75 балл; Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» саласы бойынша кемінде 65 балл; «Ауыл шаруашы-лығы және биоресурстар», «Ветери-нария» білім беру салалары бойынша кемінде 60 балл; Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – кемінде 65 балл, ал басқа жоғары оқу ұйым-дарына кемінде 50 балл керек. Айта кетейік, педагог мамандығын таңдаған «Алтын белгі» иегерлерінің саны екі есеге артқан. Айтпақшы, 2021 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуге 400 млн теңге жұмсалатыны белгілі болды. «Жыл сайын Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізуде елеулі сомада үнемдеу болып жатыр. Егер өткен жылдарда ҰБТ-ны қағаз форматта өткізуге 1 млрд теңгеге тарта қаражат жұмсалса, ал былл 60 млн теңгеден астам үнемдемекпіз. Жалпы, барша шығын сомасын 400 млн теңгемен жабамыз. Алдағы жылда бұл сома төмендетеледі. Өйткені биыл элек-тронды форматқа ауысу үшін тиісті шығындар болды. Енді келесі жылы құрылған жүйеге қолдау жасау мен коммуникация төлемдері ғана қам-тылады. Сондықтан 2022 жылы шығындар азаяды», - деді Д. Смағұлов.



ЕРТЕГІ АДАМ

АЛМАТЫНЫҢ БАС АСАБАСЫ

Ишанбай аға туралы ойладың ба, тұла бойыңмен жаныңды рақатқа бөлеген бір ыстық сезім бөлей жөнеледі. Ғылыми медицинаны Ойыл даласында алғаш өлпештеп, бүкіл қазақ даласына медицина саласының тұңғыш профессоры болып енген, Қазақстанның Денсаулық сақтау халық комиссариатын, Денсаулық сақтау министрлігін басқарған, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының сарапшысы ретінде адам азғасының проблемасын шешуге әлемдік мінбеден үн қосқан осы адам, жаңағы лауазымдарымен-ақ мысын-ды басуы керек еді, жоқ ол керісінше, өзгені өзіне ұмтылдырып, өзі де өзгеге ұмтылып тұрады. Қазақтың тамаша ақыны Қадыр Мырза Әлидің:

«Айтқан бойда еретін сөз болса бір – сенікі. Көз жасымды көретін көз болса бір – сенікі. Ауыздығын кемірген атқа мінсем – сенікі. Бір телефон бүгінде жатқа білсем – сенікі. Бұдан гүлін біреудің сұрыптасам – сенікі. Туған күнін біреудің ұмытпасам – сенікі. Азырқанбай алатын сыйым болса – сенікі. Шақыртпай-ақ баратын үйім болса – сенікі. Басқаларға бұлдайтын төрім болса – сенікі. Өмір бойы толмайтын орын болса – сенікі»

деп балаша еркелеуі, ай, тегін емес-ау! Ал, енді, онсыз да көңілі даладай кең, өз бойындағы табиғи мейірім отымен өзі «буланып» жүретін Ишанбай аға, осында кейін қалай ақтарылмасын. Қазір ел аузында жүрген «Свежая рыба» туралы анекдот осындай сыртбад бірінде туған еді. Немересі Әмірдің өтінішімен «Океан» дүкеніне барып, жібек жіпті тор дорбасын суда жүзіп жүрген балықтарға толтырып, ақшасын төлеу үшін кассаға беттемей ме?! Қалтасын әрі ақтарады, бері ақтарады, көк тиын жоқ. Жаңа жолда өнердің жас серілері кездесіп, соларды қонақ қылғаны сонда ғана есіне түседі. «Ал, министр мырза, төлейтін ақшаң қайда?». Кезектегілер Ишекеңе қарайды. Ишекең кассир қызға қарайды. Сөйтеді де: «*Доченка, эта свежая рыба?*» деп сұрайды. Қыз таңданып: «*Конечно свежая, она же живая!*» дейді. «*Нет, дочка, не всё живое – свежее. Например, у меня Надежда Кузьминична тоже живая, но далеко не свежая*» деп тордағы балықтарды суға апарып төге салады.

Қадырдың жаңағы айтқаны өмірден көшіріп алғандай. Ишанбай аға мінген ұшақ Мәскеуге қонар алында Сталиндік сыйлықтың иегері, әлемге есімі белгілі дәрігер-академик В.Д.Тиммаковтың ығли да: «*Господа москвичи, готовьтесь, завтра состоится Ишанбай Каракулович*» дейтін өзілпн еріптестері, бар болса, әлі ұмыта қоймаған шығар. Алматының бас асабасы бұдан әрі де таныстыра беруге болар еді, бірақ осының өзі аз баға ма?! Мұндай бағаны атаі өлемге мөшiуp авар ақыны Расул Ғамзатовқа қатысты естуші едім. Ишанбай аға дәрігер бола тұра, асау ақынға тән адами тартылыс шабытын қалай тамаша меңгерген?

Бүкіл бақытты саналы өмірін бірге өткізген Надежда Кузьминична қайтыс болғаннан кейін Ишанбай аға жерлесі, Ақтөбе облысы Қобда ауданының тумасы Мәрзия апайға үйленді. Сол Мәрзиясын қолтықтап, аға М.Әуезов атындағы академиялық театрға спектакль көруге бармай ма?! Дәлізде қазақтың арынды ақындарының бірі Сырбай Мәуленов кездесе кетеді. Ірі денелі тентек ақын алыстан аудай қорбандан келіп, жақындай бере ааға: «Өмір бойы адасып, адасып, шаршап, шалдыққанда қолыңа қондырған құсың құтты болсын» деп гүр етеді. Ишанбай аға шағын желпүлштей жайылған алақан-дарымен ақынды жанына жалтаптай: «Әрі жүр, әрі, бұл ақын дегенің мәгіт сияқты, қойыңдағыны да тартып алады. Жалындап жүргенімде қарамай қойып едім, мені өмір бойы іздеп, ақыры тауып алған махаббатыма жолай көрме» деп, қыңдаңғыларды қыран-топан күлкіге батырады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

(Эссе)

Шынында да: «... и умер великий хранитель здоровья людей с улыбкаю на лице, с такой же, которой он обрадовал родных и близких при своем рождении в ульских степях»деп Сәтімжан өте дұрыс айтады. Ишанбай аға ауру өбден меңдеп, ауруханада қайтыс боларының дәл алдында өзін күзетіп отырған Мәрзия апайға, құп-қу жүзіне өлсіз қызыл шырай жүгіріп, құлағыңды әкелші дегендей ымдайды. Апай құлағын тосады. «Мәрзия, сен менің құдай құсқан қосағымсың ғой. Қазақтың дәстүрі бойынша, күйеуі қайтыс болғанда, әйелі міндетті түрде жоқтау айтады. Ертең сен де жоқтау айтасың, соны қазір айтсаң қайтеді, естіп кетейін» дейді аға. Қайран қаламын, тағдырымен табиғи еркіндікпен осылай өзілдесе алатын күш-жігерді ол қалай бойына сіңірген?!

Өмірі сән-салтанат құратын, ішкенің – алдыңда, ішпегенің – артыңда, қол үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүрсе екен-ау! Әкесі Қарағұл маңдайы қырық қыртыс болып, кедейліктің зардабын көп тартқан кісі, анасы Ақанай он бес құрсақ көтергенмен, бала бақытын көре алмады. Ойыл даласын жайлаған обадан ұлдары Жаналы, Мұқағали, қызы Жәния жастай қайтыс болды. Өңірдегі белгілі зіпзаладан қашып, Қарақалпақты паналаған зауалды шақта қызы Марияның сүйегі шет жерде қалды. Балаларының үлкені, азан айтып қойылған аты Мұқаналы болғанымен, табиғатынан тура нәнезді, сотқар болып өскендіктен Таусоғар атанып кеткен үлкен ұлы тағдырына көнгісі келмей М.Шоқайдың Түркістан Республикасын құру жөніндегі азаттық идеясын қолдайды. Жиырма үш жасында Хорезм Халық Республिकासы Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы болып сайланған, іле-шала Түркістан ұлтшылдар ұйымымен байланысқан, панисламдық контрреволюциялық пиғылдағы адам ретінде айыпталған Мәндіқожа Ибнеминовтің көмекшісі қызметін атқарады. Белгілі нәубетте Мәндіқожаның өмірі қиылған кезде Таусоғар да қуғынға ұшырады. Оның соңғы тағдырына қатысты өмірлік дерек айқын емес. Бірде, большевиктермен шайқаста оққа ұшты делінсе, бірде асқазан абырынан қайтыс болды делінеді. Бақтыбай Екінші дүниежүзілік соғыстан оралмады.

Ишанбай ағаның дүниеге келуінің өзі өзгелерге ұқсамайды. Толғақ анасын жаңағдай сергелден көшітп бірінде, атаның үстінде тербеліп келе жатқанда қысты. Е.Букетовтің оны «Атан қомында туған адам» дейтін сондықтан. Сөбиді шүберекке орап алу үшін, атанды тізе бүктірген жер де өзгеше, Тұщы Ойыл болып келетін өзеннің Ащы Ойыл болып бөлінетін жыралы-жылғалы тұсы. Әлде, Ишанбай аға өмірінің де біресе ащы, біресе тұщы болып ағатын Ойылдың суына ұқсайтыны содан ба екен?!

Обадан қашып, аштықтан бұра-тылып, бас сауғалап келген қазақтарға Хорезм өзбектерінің де қамқор бола қатындай қауқары шамалы еді. Бойы қатып, буыны бекімеген Ишанбай біресе Байсұлтан арықтың қойын бағып, біресе саудагер Сұлтан көсенің жүгін арқалап, біресе май шайқаушы Сапардың бөшкісін жуып, ащы мен тұщыға жаутаң көзбен қарап өсті. Ағаның күнделігінен: «Жасымнан Байсұлтанның қойын бақтым, арқалап суын тасып, отын жақтым. Қарным аш, үстім жыртық, басымда мұң, қызығын қашан көрем жастық шақтың» деген жолдарды оқып отырып, осылай демалсе шамам да жоқ.

ЖЕҢІС ЕМЕС. ЕҢ АЛҒАШҚЫ ДРАМАЛЫҚ КҮЙЗЕЛІС ЕДІ

Ата дәстүр бойынша «Он үш жасында отау иесі» болуы керек еді, бірақ сол жаста өлі «еріпті таяқ деп білмейтін» Ишанбайға болашағын бағамдау айға атылғанмен бірдейтін. Өзінен өлдеқайда кіші балалар арасында бойы сорайып, қолына алғаш өліппе ұстағанда намыс бойын қалай өртеді десенізіші ... Өртмесесе, сол күннен бастап құрық тимеген асаудай шиыршық атар ма еді. Іште тұнғылып жатқан бір күштің сиқырымен өдеттен тыс тез есейер ме еді.

Сауат ашу мектебін екі-үш айда тамамдады, сонша уақыт түркімендердің Ташауз округтік партия комитетінің құжаттарын тасыды, іле қайтадан өзбек арасына оралып, енді онда пионер ұйымдарын ұйымдастыра бастады, жылға жетпейтін уақыт ішінде осындай аласапыран жолдан өтіп, 1926 жылы туған жеріне оралған бойда Ойыл болысына хатшылық қызметке орналасты, тіпті оған да разы болмай, республикалық Білім беру комиссариатының арнаулы комиссиясы 1927 жылы Ойылдағы үй-күйсіз қырықшақты баланы сегіз арбамен Орынборға жөнелткенде, солардың арасында Ишанбай аға да болды. Кейін Хамза Жұматовтың: «Орынборға шала сауатты күйде келген Ишанбайдың білімге деген құштарлығы таңғалдыратын. Айналдырған бір-екі жылда оның берімізден көш ілгері озып кеткенін біз байқамай қалдық» дейтіні сол кез еді. Айтса айтқандай, И.Қарақұлов Оралда, өлкелік медициналық техникумның дайындық курсында оқи жүріп, тесік өлке қара шаруа балаларын жинады, соларды білімге тартып, солар оқитып мектепті басқарды. Тіпті Ақтөбе округтік халыққа білім беру комитеті жанындағы сауатсыздықты жою жөніндегі комиссияны тапсырмасымен Қобда ауданына арнайы іссапарға жіберілді. Әйтеуір, өмір тауқыметінен құтылып, оның қызығын көру үмітінің айқындала түсуі жас жігітті жігерлендіргені сонша, енді ол осыған жеткізген заманауи өзгерістердің қай-қайсысына болсын бейжай қарай алмады. Орал өлкелік медицина техникумның директоры Зобинмен де, Алматы медицина институтының директоры Қасаболатовпен де тең дәрежеде пікір таластырудан тайсалған жоқ. Ащы шындықты ашық айтқанда, жаңағы екеуіне де жақпай қалды. Алғашқысына техникум газетіндегі ашық айтыс, екіншісіне Қасаболатовтың бұйрығымен И.Қарақұловтың институттан қуылып, іле-шала қайта қабылданыу күйе.

Осы жолдарды жазу үстінде жүрегімді сыздатқан бір ойдан арыла алмадым. 1967 жылы Ишанбай ағаны үйінде біраз күн болып, жеке мұрағатымен танысқанмын, 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің екінші жөне үшінші беттерін тұтастай алып жатқан И.Сталин мен И.Қарақұловтың портреттері мен бағдарламалық материалдарына көзім түскенде отыз жетінші жылдың нәубетін құжаттар арқылы ғана танып, біржақты қалыптасқан ұрпақтың өкілі ретінде маған Ишанбай аға да бір сөт сталиндік тәртіптің кейіп-көрінідей көрініп кетті-ау деймін, белгісіз бір үрейдің бойымды дір еткізгені өлі есімде. Адам санасын өзгерту оңай емес, жаңағы құтшыл-контрреволюциялық топ туралы ұғымның жалпы көпшілікке урей туғызу мақсатында жоғарыдан әдейі құрылған тұзақ екенін ұғу үшін қаншама жыл қажет болды десенізіш?! Ащы, бірақ ақиқат, мұрағат құжаттары көрсеткендей, институтты бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысында ұстаз да, шөкрт те, осындай тұзаққа ілінерін сезсін, сезбесін бірін-бірі аныбай-ақ сілкіледі. Директор Е.Қасаболатов мақтаулы шөкртің институттан шығару туралы бұйрық берді. Жоғары билік оны құптамады, іле-шала ол бұйрықтың күшін жойды, тіпті директордың өзін қызметтен босатты. Бұл И.Қарақұловтың жеңісі емес, ең алғашқы драмалық күйзеліс еді.

МИРЗОЯННЫҢ ШҰҒЫЛ ШАҚЫРТУЫ

Келесі 1937 жылдың маусым айында жұмысы асқанасында кезекте тұрған И.Қарақұловты әлдекім иығынан түртті. «Сізді іздеп жүрміз, Мирзоян шақырады» деді. «Кім?». «Лев Исаевич Мирзоян!». Аспират үшін төбеден түскендей хабар. Л.Мирзоян И.Қарақұловты жылы қабылдады. Елдегі өлеуметтік жағдаймен таныстырып, денсаулық сақтау ісін түбегейлі түзету үшін арнаулы экспедициялар ұйымдастыру қажеттігін және оған сол экспедициялардың бірін басқаруды жүктегелі отырғанын айтты. Сөйтіп, жаңағы он екі экспедицияның бірін басқару Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссарының 1937 жылғы 7 маусымдағы бұйрығы-

мен И.Қарақұловқа жүктелді.

Болашақ мемлекеттік қайраткердің қалыптасу жолы нақ осы кезден басталады және ол сол кезеңнің ерекшелігімен, яғни мемлекеттің ұлттық кадрға зәрулігімен, аталған қайраткердің еліне сүйіспеншілігінің табиғилығымен, адами үйірсектігімен, сондай-ақ қызметке адалдығымен сипатталады.

Үш айда 8 341 адамды жатқызып емдеген, 111 адамға сәтті операция жасаған, 14 бөбектің кіндігін кескен экспедицияның ауданға келуі мен кетуі әрі қуанышты, әрі өкінішті салтанатпен өтті. Ал, жас дәрігер И.Қарақұлов үшін үлкен өмір мектебі болды және ол үкімет басшыларының назарына ілінсе керек, экспедициядан оралысымен ілешала Денсаулық сақтау Халық комиссары болып тағайындалды. Араға тағы екі-үш ай салып, бірінші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

Өмір И.Қарақұлов үшін шарықтау мен құлдилау, шаттану мен егесу кеңістігі сияқты, біреуге жағып, біреуге жақпаса да күресіс өткен күні некен-саяқ. Жыл жарымдық комиссарлық шарықтау 1939 жылдың ортасында қою оқиғалармен тұйықталған рухани күйзелуге ұласты. Мәселе қызметтен алыну емес, сүйікті жары Ираида тұңғышын босану үстінде қайтыс болды. Ишанбай аға қызы – Мариясын Мәскеудегі жақсы танысы, талай жанның бағын ашқан О.В.Васильевскяның қолына тапсырды. Олға Владимировнаның аналық мейірімі шексіз-ді, бірақ амал не, мәскеуліктердің өзі фашизм соққысының астында қалды. Осындай сұралып күндерде, кейін «Сырласу» атты кітабында толқи жазғанындай, шиттей себиін іздеп аласұрған, жолшыбай «көр азабынан» өтіп Алматыға жеткен И.Қарақұловтың кейінгі күндері де «аллаға шүкір» дейтіндей болған жоқ. Ірілі-ұсақты текетіретестерден құтылып, жаны қалаған ғылыми жұмыспен еркін айналысудың сәті түспеді. Ғылым әлемді жайлап бара жатқан фашизм құрсауына түсіп қалмау үшін оған қарсы тура алатын алапат күшке жегілді. «Қарағайға қарсы бұтақ біткенсе еменге иір бұтақ бітсеші, қыранға тұғыр қыларға, ханнан қырық туғанша қарадан бір-ақ тұсайшы, халықтың кегін құсайшы, артымыз-да біздердің, ақырып теңдік сұрарға» дегенді ер Махамбет осындайда айтса керек. Атом бомбасының «атасы» Р.Оппенгеймер А.Эйнштейнге атом бомбасын жасау туралы Рузвельтке жазған хатқа қол қоюын сұрағанда, ол: «Апырай, құдайдың өзі жеті қат жер астына жасырып тастаған затты шығарғанымыз қалай болар екен, кейін халық сорламас па екен?» деп жүрегің ұстапты. «Немістер бұрын жасап қойса қайтеміз?» деген соң ғана амалсыз хатқа қол қойған екен. Бактериялық жегінің құрсауындағы ұлтының қамы үшін кейбір «патриоттар» әдейі тұйыққа тірегенде, өз басын қауіпке тігіп, денесіне сынақ жүргізуден тайсалмаған И.Қарақұлов, ең алдымен мемлекеттің мүддесін, соның қауіпсіздігін көздеген ерекше құпия тапсырмамен КСРО Мемлекеттік шекарасының санитариялық қауіпсіздігін қорғау жөніндегі жұмысты басқарып жүрген жерінен КСРО Қарулы Күштерінің ғылыми-зерттеу институтына жіберілді. Неміс басқыншыларының химиялық және бактериологиялық қаруларын қолдану мүмкіндіктерін қадағалау жөніндегі ерекше топтың жауапты қызметкері Сталинград үшін жан алысып, жан беріскен күндерде, қаланың жертелесінде адамзатқа атом бомбасынан да қауіпті қарудың өте құпия сынағыммен арпалысты. Ғалымдардың, оның ішінде И.Қарақұловтың да бақытына Сталинград шайқасы кеңес жауынгерлерінің жеңісімен аяқталды. Президент Трумэннің бұйрығымен атом бомбасы Хироаси мен Нагасаки қалаларына тасталғанда Р.Оппенгеймердің Президентке барып, наразылығын білдіріп, атом қаруын ойлап тапқан ақылын, хатқа таңбасын басқан қолын қарғап жылаған трагедиялық тағдыры И.Қарақұлов басынан кешкен жоқ, бірақ ол ғалымның ең рухани күйзелісті жылдары еді.

АЙМЕН. ЖҰЛДЫЗДАРМЕН СӨЙЛЕСУ АДАМДАРМЕН СӨЙЛЕСУДЕН ӘДЕКАЙДА ҚЫЫН ЕКЕН
Өмірде бар нәрсені айтпай, жасырып, оны үнемі



«Қой бастаған серкенің маңдайының соры бес елі, – деп Ишанбай аға бірде өткенді күлімсірей еске алды. – Ресми жауапты қызметтен босап, арқамды кеңге салып жүрген кезім еді. Аяқ астынан Орталық Партия Комитетінің хатшысы Нұрымбек Жанділдин шақырды. «Сізді республикалық Обсерваторияық ғылыми орталықты басқаруға жібергелі отырмыз» деді. «Ойбай-ау, медицина қайда, аспан әлемі қайда. Жок, бармаймын» дедім шорт кесіп. «Ишеке, бұл өзі бізге құпиясы көп, бірақ елімізге ұланғайыр пайдасы тиетін өте жауапты сала. Қазір сол сала мамандардың жетіспеуінен емес, сондағы бізге аса қажетті академиктердің бір-біріне мүйіз шайқауларынан зардап шегіп отыр. Сол екеуінің тілін тапсаңыз, бітті. Ол сіздің қолыңыздан келеді. Ал аспан мәселесін басқалар шешеді» деп табандап тұрып алды. Партияның сөзі жүріп тұрған кез. Аймен, жұлдыздармен сөйлесу адамдармен сөйлесуден өлдеқайда қиын екен. Том-том кітаптарды ақтарып, басым қатып жүргенде, жоспарлы республикалық бір симпозиум өткізетін уақыт та келіп қалды. Симпозиумда жаңағы екі академиктің өзара айтысып жүретін мәселесі де қозғалуы тиіс. Соңғы отырыста саланың басшысы ретінде соларға бөтуа сөз сөйлеуім керек. Марқұм Қарақұл өкнемнің айтқан ақылдарын түгел сүзіп шықпым, бірақ басыма ешқандай дейекті дәлел қонбады. Сонда қандай шешімге келді дейсің ғой, – деп Ишанбай аға тағы да жайыла күліп алды. – Төрді қасымада отырған, Ленинградтан келген академик еріптесіме тапсырдым да, «дәретханаға барып келейін, жиналысты өзіңіз жүргізе беріңіз» деп шығып кеттім. Содан жұрт тарап жатқанда бір-ақ оралдым, қорытынды сөзді менің орныма Ленинградтан келген жаңағы академиктің айтуына тура келді. Менің басыма түскен мұндай қиын жағдайды ешкімнің басына бермесін, бірақ оның жақсылығы – бұдан кейін көтере алмайтын шоқпарды беліме қыстырмайтын болдым. Л.Мирзоянның 1937 жылы «Денсаулық сақтау халық комиссары боласың» дегенде, қатты шошынып: «Мен бұйрық жаза алмаймын» дегеніме: «Комиссар бұйрық жазбайды, қол қояды» дегенінің қандай дертке ұшыратынын тағы да айқын сезіндім».

ҒАБЕҢ ЖАЗҒАН АЛҒЫ СӨЗ

Төн тазалығына осынша мен берген И.Қарақұловты жан тазалығы да аз толғандырмаса керек, өртүрлі кездесулерде, өсіресе жастар үшін өзекті сұрақтар жиі қойыла берді де, уақыттың тапшылығына қарамастан, осы сұрақтарға толыққанды жауап беру үшін кітап жазуға отырды. Кейін «Сырласу» деген атпен қазақ, қырғыз тілдерінде бірнеше қайтара жарық көрген «Қырық сұрағы» осылай дүниеге келді. Кілең марғасқалар ортасында жүрген Ишанбай аға осы кітапқа алғысөзді әдебиетіміздің тірі классигі Ғабиден Мұстафинге жаздырқысы келеді. Ғабең шорыпып түседі. «Сенің тұқ салпағы жоқ бейпіл сөздеріңе не айтушы едім?» деп өзін кінәлай сөйлейді. Бірақ, әдебиетіміздің тағы бір тірі классигі, екінші Ғабәң, Ғабит Мүсірепов: «Ишанбай-ау, жер астында, шахтада көмір қазып, көзі ашылған Ғабиден өйел затының ғажайыбын қайдан түсінсін, екеуміз сияқты ақсүйек көресің-ау! – деп күрдас-досын түйреп өтеді де, – мен жазамын» дейді. Әлғысөздегі классик қаламгердің: «Өмірде бар нәрсені айтпай, жасырып, оны үнемі

жатысына беруіміз, шынына келсек, артық та, ағат іс» дегенін, Семейден хат жолдаған Ахмет Жұнісов деген азамат: «Етекке сыймайтын күннің нұрындай заңдылықты ашып жазбай қазақтың қылымсығаны енді жетті» деп толықтырады. Сол А.Жұнісов Ишанбай ағаның «Қазақ әдебиетінде» жарияланған ата-бабаларын Қобыландыға тірейтін «Жаңа туған» кімнен туған?» атты мақаласына да ерекше ыстық ықылас білдіреді. Тап осы мақалаға белгілі қаламгер, көне өңгіменің шебері Ж.Бектұров 1972 жылғы 16 сәуірде жазған хатында Ишанбай ағаның орасан зор ғылыми дүниелерін «ысырып қойып»: «...осы тақырыпта қалам тартуыңыз түбі сіздің көп еңбектеріңіздің ішіндегі ең сүбелісі болып қалар» дей келіп, егер осы бағытпен кетсеңіз сізден тамаша тарихшы не жазушы шығар еді деп өзілдейді. Ишанбай ағаның жақын інісі, белгілі журналист, аудармашы Есен Сафуани өз естелігінде осы өзілді былай зерделейді: «Мына Әзербайжан (Ә.Мәмбетовты айтып отыр – С.Б.)театрдың штатын қысқартып, жасы келген өтіретерді зейнетке жіберісі келіп жатыр екен. Маған бір егде әйелді жіберіпті. Керемет ақылды әйел, Сізге жақсылап қарайды деп қояды. Маған беріп, құтылмақшы ғой. Үстіндегі қалың киімін шешпей отыра кетті. «Шешіңіп отырсаңыз» деп едім, «иә, шешем жақсы адам еді, жасы елуге толмай айрылып қалдым ғой, қайтейін» дейді. Байқасам, құлағы естімейді екен. Мен оған үйленсем, ерлі-зайыптылардың арасындағы махаббат, ғашықтық сөздерді айқайлап айтуым керек пе сонда?»

Егер ағамыз елдішімен айналыспай, жас кезінен әдебиетпен айналысса, түріктің Әзіз Несінімен иық тірестіретін сатирик жазушы болар ма еді, кім білсін». Әзіл болса да, осында шындық та бар. Ұлы Мұхтар, Мұхтар Әуезов ағаның «У индийских друзей» атты еңбегіне жазған алғысөзінде: «*Профессор Ишанбай Каракулов, будучи в Индии, много видел, много сумел заметить внимательным глазом эзаскательного друга. Об этом он рассказывает в своей книге живо и увлекательно*» дейді. Иә, ағаның болмысты бағалап, танымдық, тағылымдық ой туюі, сөзді әсерлі, бейнөлеп қолдануы ерекше еді.

Ойлап отырсам, ағаның арамыздан бақилыққа кеткеніне отыз жыл болыпты. Тағы да күлкі, адам баласын әзілмен емдеген аға өзінің табиғи болмысын еске түсіретін ерекше күн – сол өзіл күні өмірден өтті. Ұлы Болат: «Әкемнің достарына телеграмма жөнелтіп жатырмын-ау, сене қойса жақсы. Ишекенің кезекті бір әзілді шығар демесе болғаны ғой» деп жымиды. Өлім үстінде де шынайы күлкі шақырған тұлғаға басымды идім.

«Ерте-ерте ертеде, жерде де емес, көкте де емес, атанның қонында, Ащы Ойылдың бойында бір томпыған сары бала дүниеге келіпті. Оған өкешешесі Алланың елдішісі Мұхамбет пайғарымыздың үмбетіне қызмет етсін деп Ишанбай деген ат қойыпты. Сол Ишанбай кеудесінде бір от тұтанып, сөуле шаша бастаған күні Өлім мен Өмір арасындағы байланыстың сырын зерттеу үшін сапарға шығыпты» деп бастаған кейін, бірақ өртүрлі себептермен олғай бастамаған ертегімді аяқтағалы отырмын. Кім қалай түсініп, қалай қабылдайды, ол басқа өңгіме.

Сырым БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ, Ақтөбе облысы.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1768 дана. Тапсырыс №384 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«БАЛАЛАР ЖӘНЕ ТЕАТР»



Қазақстан Республикасының Білім және Ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасының аясында «Балалар және театр» мәдени ағартушылық жобасы жүзеге асырылды. Жобаның мақсаты: бала-

ларды этикалық және эстетикалық көзқарасқа тәрбиелеу. Театр балалардың көркем қабілеттерін жетілдіріп, тұлғааралақ қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, жан-жақтылыққа, шығар-

машылыққа, жаңашылдыққа үйретеді.

Театр не береді, неге үйретеді? Театр ең алдымен көркем сөйлеуге, сөз мәнерін білуге, тіл өрнегін, көруге, естуге үйретеді. Осы бағытта Екпетал мектеп балабақшасында «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, жоба мүшелері жасақталды. Жоспар бойынша ақпан айында «Балалар және театр» тақырыбында баяндама оқылып, театр түрлері туралы толық ақпарат берілді. Наурыз айында «Дискіден жасалған үстел үсті театры» бойынша Шалқан ертегісі қойылды. Балалар кейіпкерлерді сомдау, сахналау арқылы театрға деген қызығушылықтары артып, белсенділікпен қатысты. Алдағы уақытта жоспар бойынша «Қуыршақ театрын» қою жоспарланып отыр.

Театр — өмір айнасы, сондықтан балалардың театр өмірімен танысуы олардың тұлға болып қалыптасуына оң ықпалын тигізеді.

Балданай ТНЕЕВА,
Екпетал мектеп
балабақшасының бастауыш
сынып мұғалімі.



Ойылым

Ойылым, өлкем мекенім,
Өзіңді мақтан етемін!
Ақындар қосқан жырына,
Керікті жер екенім.
Ойылым, өлкем шырайлы,
Жері бар құтты шұрайлы.
Ойылда туып өскенім,
Өзіме қатты ұнайды.

Көктем

Жақсы көрем көктемді
Күн шуағын төккенді
Жылғалардан су ағып
Сылдырлатса өткелді
Құстарға уя саламыз
Гүл теруге барамыз
Жақсы көңіл-күйменен
Көктемді қарсы аламыз
Көктемде өсем айнала
Жап-жасыл, қырат, сай, дала.
Осындай кереметімен
Ұнайды көктем жай ғана

Алихан Балтабай,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы
мектеп-гимназиясының
6 класс оқушысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі»-нің аппараты ММ «Ойыл ауданының Ойыл ауылына жасыл аймақ құру» жобасы бойынша сауал нысанындағы қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жергілікті атқарушы орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Кубенов А.И., тел.: +7(7132) 55-26-28, эл. пошта: expert_oos@mail.ru

МЭС жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Тапсырыс беруші: «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі»-нің аппараты ММ, мекен-жайы: Ойыл ауданы ауданы, с. Ойыл, Көк-жар көш 69, тел.: +7(707) 385-62-89. Құжаттаманы өзірлеуші: «Jan invest» ЖШС, мекен-жайы: Ақтөбе қ., Әйтеке би көш. 11, каб. 22. тел.: +7 777 660-27-66, инженер М.А. Сатыбалдин.

Жоба бойынша құжаттама <http://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында орналасқан. Ескертулер мен ұсыныстар 2021 жылдың 13 сәуірі мен 18 мамыры аралығында jan_invest@mail.ru электрондық поштаға қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области» сообщает о проведении общественных слушаний в форме опроса по проекту «Защита зеленой зоны в с. Уил Уилского района».

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актобинской области», ответственное лицо Кубенов А.И., тел.: +7(7132) 55-26-28, эл. почта expert_oos@mail.ru Государственный орган по проведению ГЭЭ: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актобинской области»

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Уилского сельского округа Уилского района Актобинской области», адрес: Уилский район, с. Уил, ул. Кожгар 69, тел.: +7(707)385-62-89.

Разработчик документации: ТОО «Jan_invest», адрес: г.Актобе, ул. Айтеке би 11, каб. 22, тел.: +7 777 660-27-66, инженер М.А. Сатыбалдин.

Документация по проекту размещена на сайте <http://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru>

Предложения и замечания принимаются в период с 13 апреля по 18 мая 2021 года по эл. почте: jan_invest@mail.ru

ЫБЫРАЙ ОҚУЛАРЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

ҚР тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында аудандық іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің қолдауымен, Ойыл аудандық ОКЖ-не қарасты балалар кітапханасы ұйымдастырған болатын.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» рухани акциясы аясында, балалар әдебиет жанры бойынша қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай аудандық «Ұлы даланың дара ұстазы» атты онлайн-байқауы ақпан-сәуір аралығында өтіп, жуырда өз мәресіне жетті. Байқауға аудан мектептерінің

бастауыш класс оқушылары қатынасып, өзара бәсекеге түсті. Байқау нәтижесі бойынша 1 орын - Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының даярлық тобының оқушысы А.Сергеева, 2 орын - Соркөл орта мектебінің даярлық тобының оқушысы А.Нұрланова, 3 орын - Соркөл орта мектебінің 3 класс оқушысы Ө.Досбаева. 3 орын - Қараой мектеп-балабақшасының 2 класс оқушысы Д.Тілеқбабылова иеленді. Басқа қатынасуды үміткерлерге де ынталандыру сыйлықтары берілді. Байқауға қатынасудыларға «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» атынан Алғыс хат пен сыйлықтар табыс етілді.

Г.ҚАПЛИЕВА,
Балалар кітапханасының
аға кітапханашысы.

МЕНИНГИТ

СОҢҒЫ УАҚЫТТА МЕНИНГИТ АУРУЫ ЕЛІ-МІЗДЕ КЕҢ ТАРАЛЫП ЖАТЫР. ОҒАН СЕБЕП НЕ? АУРУДЫҢ ҚАЛАЙ АЛДЫН-АЛУҒА БОЛАДЫ? МЕНИНГИТ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН АДАМ АЙЫҒА АЛА МА?

Менингит — халық арасында көп таралған дерт. Өте қатерлі ми ауруы. Бұл ауруға көбінеб алалар тез шалдығады. Менингит басқа аурулардың, яғни шешек, мысқыл (шықшыт безінің қабынуы), көкжөтел немесе құлақтың қабынуы сияқты аурулардың асқынуынан болады.

Менингит қалай жұғады?

Менингит - тұмаудан толық жазылмаған жағдайда, көп адам жүретін жерде, кейде денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан және іш сүзегінен пайда болады. Көбіне суықтан пайда болатын ауру ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Сонымен қатар менингит бактериясы жетелу кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрынға түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адамнан ауру жан-жаққа тез таралады.

Аурудың алғашқы белгілері

Ауру екі түрге бөлінеді. Жедел және созылмалы болатын бұл аурудың ең күрделісі мида іріңді түрде болатын менингиальдық синдромы.

Менингит - құрт ауруының түрі — науқастан өл кетіп, шаршап, тез терлеп, дене қызуы көтеріліп ұзақ уақыт жүреді. Бас сүйек ішіндегі қан қысымы ұлғайғанда барып анықталады.

Аурудың алғашқы белгілері — ауру жұққаннан кейін 10-12 күннен соң аздаба бас ауру, лоқсу, ауыз құрғап, қызу көтерілу, дауыс қарлығып, өңі бозару секілді инкубациялық кезең өтіп, денеде қызғылт түсті дақтар пайда болады. Дене қызуы 40 градусқа жоғарылап, бұлшық еттері қысыла бастайды. Дер кезінде емделмесе көп жағдайда мүгедек болып қалуы да мүмкін. Жарыққа қарай алмай, қатты дауыстан қорқып, есінен адаса



бастайды. Бұл белгі іріңді менингитті білдіреді.

Белгілері:

Жоғары температура;

Бастың қатты ауыруы;

Мойынның шалқаюы. Баланың өңі кірмейді, сұлық жата береді, басы мен мойынын артқа шалқайтып ұстайды.

Бір жасқа дейінгі баланың еңбегі көтеріледі (томпайып кетеді);

Құсу;

Алдын-алу жолдары

Туберкулезбен ауыратын анадан туған балалар кейде туғаннан кейінгі алғашқы айларда туберкулез менингитімен ауырады. Жаңа туған сәбиде болатын туберкулездік менингиттің алдын-алу үшін сәбиге туған кезінде арнаулы вакцина егілуге тиіс;

Бір жыл немесе одан да кішкентай балалар үшін ішуге бөтелкедегі немесе қайнатылған су берген жөн. Өйткені суда көптеген бактериялар мен вирустар болуы мүмкін;

Туып қалған су объектілерінде балаларды шомылдырмау қажет: көлдер, су қоймалары және басқа да орындар. Мұндай орындарда міндетті түрде бактериялар болады;

Жеміс-жидек пен көкөністерді пайдаланудан бұрын тазалап жуу қажет. Ет және балықты мұқият пісіріңіз;

Жеке бас гигиенасын сақтаңыз. Көшеден келгенде, дәретханадан соң, мұқият түрде қолыңызды сабындап жуу керек;

Өзіңіздің және балаңыздың имунитетін күшейтіңіз. Дәрумендер қабылдап, таза ауада серуендеңіз;

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы
Қуаныш Орынбасарұлы Тұрғамбеков
(09.06.1984ж - 15.04.2020 ж)

Шапшаң уақыт, дөңгелейді төзімсіз, Жыл айналып, келді көктем өзінсіз, Ағайынмен жиылып, жақсы тілек айтар ек, Өзің жоқсың, бейнең ғана тұр үңсіз! Шаңырақтың кенжесі, шаруасын өзі үйірген, Техниканың маманы болдың, асықша



оны иірген, Байқамай қалдық бөріміз, сұм ажалдың, Мүшелге қадам басқанда, келгенін қай бүйірден?

Кішіге қамқор, үлкенге ізет білдірген, Адал едің, ағайын-досқа бір жүрген, Аңқылдаған азаматтың ғұмырының Осыншама қысқа боларын кім білген? Мүшел жасқа толар едің, сен ертен, Біреу білмес, біреу енді білер кем? Балаларың «орнында» оңалтады», «Азаматы ауылдың» дегізің күні ерте! Жатқан жерің жайлы болсын, аяулы ұл, асыл бауыр, адал жар, ардақты өке!

Еске алушылар: әкесі Орынбасар, анасы Мариям, жұбайы Әсел, балалары Мерей, Данияр, Мағжан, Райян, бауырлары Нұржау, Сержан, Тілектес.

Ойыл селосы,
Тұрғамбеков Қуаныш Орынбасарұлы
(09.06.1984ж-15.04.2020ж)

Біз көреміз, біреуден мұң, Біреуден қайғы қалтаған. Өмірдің осы ащы тұсы, Ешбір жаңға жақпаған. Құдал оғын дәл көздер, Құдайдың осы жан алғыштық. Құдіретінен жасқанам. Ешбір жанды көрмедік біз, Өлімге құлақ аспаған. Ажал алған адамдардың, Орынның ешкім баспаған. Өмір деген - ол өткініш, Келесінде кетесің. Өйткені біз жай пендеміз. Айырмамыз жоқ басқадан. Дейміз-дағы Құдайғада Керек дейміз жақсы адам. Бұл жай көңіл жұбатар сөз. Жалған сенім жатталған, Ақ матаға оранып ап, Осыдан бір жыл бұрын, Досымызда аттанған. Артында жылап бала-шаға, Ата-ана, туыс, жұрт қалған. Рухыңда сенің биік болсын! Ұрпағыңды Алла сақтаған. Жатқанда жерің жайлы болсын! Жаннаттан соққан қақпадан!!!

Еске алушылар: достары.



ЖЕЛІГЕ ҚҰМАРЛЫҚТЫҢ ЕМІ БАРМА?



Артта қалған өмірге бір қарайласам, барлық уақыт қолдағы телефонмен, өлеуметтік желіге шұқшып өтіп барамын екен. Адамдармен де сирек араласатын болдық. Кеше бір қызбен (группалас) көдімгідей ашылып сөйлестік. Себебі, менің телефонымның қуат көзі, оның айлық тарифі бітіп қалған еді. Бұлар өшпесе біздің сөйлесуіміз неғайбыл. Қарап отырсам айналадағы адамдарға, реальды өмірге қарағанда, вертуалды өмір қызығырақ сияқты. Отырыстарда, кештерде барлығы инста мен фейсбукке шұқшып отырады. Оның ішінде мен де бармын. Мен мына жердемің деп салып жібереміз. Бұл мақтанғаным да өлде басқа ма түсінбедім. «Бір отбасының үйінде вай файы өшіп, туыстарымен амалсыз сөйлесіп, жақсы адамдар екен»-дейтін өзін шыны аралас өңімені естіген боларсыздар». Біз бұған жете қоймадық, бірақ осы бетімізбен өрлей берсек, шыныраудан бір-ақ шығарымыз анық. Желіні дерт демізміз. Мұның себебі де бар. Болып жатқан барлық келеңсіз оқиғалар, осы желінің жемісі. Өлемдік қысы деп те атайтынын естігем. Енді, осы дерттен құтылудың, сөл болса да жазылудың амалы барма? Ғалымдар

зерттепті. Көпшілік халықтың желіге кіруінің себебін. Адамда ішкі қанағаттану деген болады екен. Мысалы: бір адам өзіне көңілі толмайды. Сырт келбеті қысыңсыз, болмаса өз-өзіне сенімділігі төмен. Оған «сен сұлусың», «саған мына киім жарасымды»деп өшкім айтпайды. Тіпті ата-анасы да. Осындай жағдайда адамда ішкі ашығу пайда болады. Ол қарының ашуына мүлде ұқсамайды. Сол аштықтан құтылу үшін, желі арқылы тояттауға тырысады.

Нәтижесі: тәні ашылған суреттер мен ұятқа қайышы келетін бейнелер. Жазылушыларынан келетін лайк, комментарий бәрінен іштей қанағаттанады. Бірақ бұл уақытша ғана. Өлгі ашығу қайта келгенде. Жоғарыдағы оқиға қайта қайталаынады. Осы орайда желіге неге құмармыз деген сұраққа көпшіліктің пікірін сұрап едім.

Гүлжан 20 жаста: Қызықты, жаңалықтар көп. Достарыңның, туыс, таныстарыңның қайда не істеп жүргенін білесің. Телефоннан жоқ болса, бірдеңе жетіспей тұрған сияқты.

Арай 19 жаста: Менің желіме күнде сурет жариялағым келіп тұрады. Себебі мен ұнататын адам көріп,

лайк басып қалап тұрамын. Ол көрмесе салған фото қызық емес болып қалады. Жетістікке жеткенімді адамдар көрсе деймін. Жақындарым қуанып, душпандарым қызғанып деген де ой бар.

Жаңашының сабындай ғана ғұмырды желіге желімделіп өткізіп жатырмыз. Ата-аналарға, және барлық қолданушыға құлақ қағыс. Рухани ашықпас үшін мына емді қолдансақ.

Айналамыздағы адамдарға жылы қатынаста болсақ, бумеранг заңы бойынша қайта келеді. Достарымызға жақсы пікірлер айтайық(кімнің жарасымыды, шашында жақсы сөңдепсің, бетіңді күшті өрлепсің) деген сияқты. Сонда, ашыққан бос орынды толтыру үшін желіге жүгінбейді.

Соңғысы, ата-аналар балаларына жақсы сөздер айтып отырса «сен өдемсің», «сен өзіңе сенімдісің», «сенің қолыңнан бәрі келеді» сынды сөздер. Сонда балаларыңыз сіз айтуға тиісті сөзді сырттан іздемейді. Егер, осы айтылған ойды қолданатын болсақ, күндердің бір күні, бұл дерттен де айығармыз деген сенімдемін.

Думан КЕҢШІЛІК.

2021 ЖЫЛДЫҢ ІІ-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	Ұлықпанов Қайнар Жолдасқалиұлы, бөлім басшысы	Сәуір - 9,16,23,30 күндері Мамыр - 7,14,21,28 күндері Маусым - 4,11,18,25 күндері Уақыты:сағ. 10:00-ден 12:30-ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-77

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефонының нөмірі 2-11-54.** Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс –пікір салу үшін жөшік орнатылған.

ТАС КЕНЕ МЕН БҮРГЕ

ТУЛЯРЕМИЯҒА ЖОЛ БЕРМЕУҮШІН БАҚЫЛАНАДЫ

Күн жылына салысымен бар табиғат жандана бастайды. Соның ішінде адам өміріне қауіпті кішкентай тас кенелерге де жан бітеді. Кенелер қалың шөптің, бұталардың арасында мекендейді. Көбіне кенелер терінің бүгілген аймақтарын, мойын, қолтық, шаш аймағын шағуға құмар. Кенелер туляремия ауруының да таратқышысы болып саналады. Туляремия қоздырғышы - Francisella tularensis деп ата-латын ұсақ бактерия. Жүгу көзі жа-байы кеміргіштер, соның ішінде су және ұй тышқандары, қарапайым сұр тышқандар. Тассымалдаушылар - иккод кенелері. Туляремияның алдын-алу үшін тарату көздерін дезинфек-циялау шаралары қарастырылған. Алдын-алу іс-шараларында азық-түлік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының санитарлық –гигиеналық жағдайы маңызды.

1. Аңшылар жабайы аңдарды аулаған кезде - қолда қолғап болған дұрыс.
2. Вакцинация (ревакцинация) – 5 жыл сайын.
3. Зарарсыздандыру кезінде дәрі-дәрмек қолдану.



4. Туляремияның ерекше емі-бұл антибиотиктер курсың тағайындау.
5. Туляремия жұқпасын тасушы кеміргіштерді жою.
6. Кенелерді және бүргелерді жою жумыстары көктем және күз айларында жүргізіп ұлы химикаттар пайдалану керек. Жабысқан кенелерді алып тастап жояды, емханаға қаралған дұрыс. Су тышқандары, өзге де аңдардың жаппай қырылу жағдайлары тіркелгенде жергілікті денсаулық сақтау мекемелеріне жедел хабарласқан жөн. Кене, бүрге жинау арқылы аурудың бар-жоқтығын Ойыл обға қарсы күрес бөлімшесінің зертханасында тексеру арқылы анықталады.

М.ҚАЛЖАНОВА,
Ойыл обға қарсы күрес бөлімшесінің І-санатты зертханашысы.